



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365 (print)

ISSN: 3006-1377 (online)

№4 (111)

Астана
2025

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ
Берік

– саяси ғылымдарының кандидаты (алқа төрағасы) (Қазақстан)

ИБРАЕВА
Ақмарал Ғосманқызы

– алқа төрағасының орынбасары, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ТАЙМАҒАМБЕТОВ
Жәкен Қожахметұлы

– ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

САМАШЕВ
Зайнолла Самашұлы

– тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

АЙМҰХАМБЕТ
Жанат Әскербекқызы

– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ҮМІТҚАЛИЕВ
Ұлан Үмітқалиұлы

– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

МЕРЦ
Виктор Карлович

– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

ЖАБАҒИН
Мақсат

– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

СЫДЫҚОВ
Айбек Жексеналыұлы

– PhD докторы (Қазақстан)

БИҒОЖИН
Ұлан Зейноллаұлы

– PhD докторы (Қазақстан)

САБИТОВ
Жаксылык

– PhD докторы (Қазақстан)

ДЮПЮЙ
Пауло

– PhD докторы (Қазақстан)

ҚАРА
Әбдуақап

– доктор, профессор (Түркия)

ШАМИЛЬОГЛУ
Юлай

– PhD, профессор (АҚШ)

АЙТПАЕВА
Гулнара Амановна

– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қырғызстан)

РАДИВОЖЕВИЧ
Мильяна

– PhD, қауымдастырылған профессор (Ұлыбритания)

EDITORIAL BOARD:

Berik Abdygaliuly	– candidate of Political Science (Chairman of the editorial board) (Kazakhstan)
Akmaral Ibrayeva	– deputy chairman of the editorial board, Academician of the National Academy of Natural Sciences of Kazakhstan, Doctor of historical sciences, Professor (Kazakhstan)
Zhaken Taimagambetov	– academician of NAS RK, Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Zainolla Samashev	– doctor of Historical Sciences, (Kazakhstan)
Zhanat Aimukhambet	– doctor of Philology, Professor (Kazakhstan)
Ulan Umitkaliev	– candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Victor Merts	– candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Maxat Zhabagin	– candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Aibek Sydykov	– PhD (Kazakhstan)
Ulan Bigozhin	– PhD (Kazakhstan)
Zhaxylyk Sabitov	– PhD (Kazakhstan)
Paula Dupuy	– PhD (Kazakhstan)
Kara Abdulvahap	– doctor, professor (Turkey)
Uli Shamiloglu	– PhD, professor (USA)
Gulnara Aitpaeva	– doctor of Philology, Professor (Kyrgyzstan)
Radivojevic Miljana	– PhD, Associate professor (UK)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ
Берік

– кандидат политических наук (председатель коллегии) (Казахстан)

ИБРАЕВА
Акмарал Госмановна

– заместитель председателя коллегии, Академик Казахстанской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

ТАЙМАГАМБЕТОВ
Жакен Кожаметович

– академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

САМАШЕВ
Зайнолла Самашевич

– доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

АЙМУХАМБЕТ
Жанат Аскербековна

– доктор филологических наук, профессор (Казахстан)

УМИТКАЛИЕВ
Улан Умиткалиевич

– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

МЕРЦ
Виктор Карлович

– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

ЖАБАГИН
Максат

– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

СЫДЫКОВ
Айбек Жексеналыевич

– PhD доктор (Казахстан)

БИГОЖИН
Улан Зейноллаулы

– PhD доктор (Казахстан)

САБИТОВ
Жаксылык

– PhD доктор (Казахстан)

ДЮПЮЙ
Пауло

– PhD доктор (Казахстан)

КАРА
Абдукап

– доктор, профессор (Турция)

ШАМИЛЬОГЛУ
Юлай

– PhD, профессор (США)

АЙТПАЕВА
Гулнара Амановна

– доктор филологических наук, профессор (Кыргызстан)

Радивожевич Мильяна

– PhD, ассоциированный профессор (Великобритания)

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

Этнология / Ethnology / Этнология

- Ахметжан Қ.С.* Көшпелі халықтардағы жоғары әлеуметтік дәреже белгісі – жыға тағу дәстүрі
Ахметжан К.С. Традиция ношения джигы – знака высокого социального статуса у кочевых народов
Akhmetzhan K.S. The tradition of wearing a zhiga as a sign of high social status among nomadic peoples..... 7
- Атдаев С.Дж.* Печать как символ власти в туркменском обществе XIX в.
Атдаев С.Д. Мөр – XIX ғасырдағы түрікмен қоғамындағы билік символы ретінде
Atdaev S.J. The seal as a symbol of power in the Turkmen society of the 19th century..... 27

Археология / Archaeology / Археология

- Махмудова В., Алиев И.* Некоторые украшения, обнаруженные в памятнике Хыналыг Губинского района
Махмудова В., Алиев И. Губин ауданының Хыналыг ескерткішінен табылған кейбір әшекей бұйымдар
Mahmudova V., Aliyev I. Some ornaments discovered at the Hynalyq site in the Guba district..... 37

Тарих / History / История

- Артықбаев Ж.О.* Әл-Идриси (XII ғ.) картасы және оны тәпсірлеу мәселесі
Артықбаев Ж.О. Карта аль-Идриси (XII в.) и проблема её интерпретации
Artykbayev Zh.O. The map of Al-Idrisi (XII century) and the issue of its interpretation..... 48
- Somfai Kara D.* Edige and the Nogai epic tradition
Шомфай Кара Д. Едіге және ноғай эпикалық дәстүрі
Шомфай Кара Д. Едиге и ногайская эпическая традиция..... 71
- Летунова Н.В.* Опала и новая глава жизни третьего вождя СССР: Г.М. Маленков и Казахская АССР
Летунова Н.В. КСРО үшінші басшысының қуғынға ұшырауы және өмірінің жаңа кезеңі: Г.М. Маленков және Қазақ АКСР-і
Letunova N.V. Disgrace and a new chapter in the life of the third leader of the USSR: G.M. Malenkov and the Kazakh ASSR..... 87
- Крыгина Е.Д.* Духовное завещание надворного советника А. И. Еникуцева как источник исторического исследования
Крыгина Е.Д. Сарай кеңесші А. И. Еникуцевтің рухани өсиеті тарихи зерттеу көзі ретінде
Krygina E.D. The spiritual testament of court counselor A. I. Yenikutsev as a source of historical research..... 102

Музей ісі / Museology / Музейное дело

- Hanlin Y., Chengming Zh., Fan Zh.* Cross-Cultural Storytelling in Museums: Research on Silk-Themed Exhibitions and Their Global Communication
Ханлин Я., Жанг Ч., Жао Ф. Музейлердегі мәдениетаралық баяндау: жібек тақырыбындағы көрмелерді және олардың жаһандық коммуникациясын зерттеу
Ханлин Я., Жанг Ч., Жао Ф. Межкультурное повествование в музеях: исследование выставок на тему шелка и их глобальной коммуникации..... 114
- Калужников А.В.* Реставрация естественно-исторических коллекций: изделия таксидермии птиц и млекопитающих
Калужников А.В. Жаратылыстану-тарихи коллекцияларды реставрациялау: құстар мен сүтқоректілердің таксидермиялық бұйымдары
Kaluzhnikov A.V. Restoration of natural history collections: taxidermy products of birds and mammals..... 126
- Орынбекова А.Ө.* Музейдің мәдени-білім беру қызметі: мазмұны мен түрлері
Орынбекова А.У. Культурно-образовательная деятельность музея: содержание и формы
Orinbekova A.U. Cultural and educational activities of the museum: content and forms..... 141

Тарих/ History/ История

<https://doi.org/10.47500/2025.v24.i4.04>

ҒТАМП 03.91.00

Артықбаев Ж.О.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана, Қазақстан

e-mail: socantropology@mail.ru

ӘЛ-ИДРИСИ (XII ғ.) КАРТАСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ТӘПСІРЛЕУ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа. Мақала XII ғасырдың көрнекті араб ғалымы, географ әрі картографы Мұхаммед әл-Идрисидің «Нузхат әл-мұштақ фи-ихтирак әл-афақ» және «Сурат әл-Ард» еңбектерін тарихи-географиялық және археолингвистикалық тұрғыдан кешенді талдауға арналған. Еуразия кеңістігін сипаттайтын бұл еңбектер ортағасыр дәуіріндегі географиялық танымның шыңы болып саналады және қазіргі Қазақстан аумағына тікелей қатысты құнды мәліметтер береді. Зерттеу мақсаты – әл-Идрисидің сипаттамаларындағы Түркістан, Исфиджаб, Тараз, Ертіс, Сарыарқа және Каспий өңірлеріне байланысты деректерді қазіргі географиялық атаулармен салыстырып, оғыз, қарлұқ, кимек және тоғызғыз тайпаларының тарихи қоныстану аумағын анықтау. Зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи, деректанулық, картографиялық және археолингвистикалық әдістер кешені қолданылды. Нәтижесінде Асғарун, Марғар, Руза, Ғаған сияқты көне топонимдердің этимологиясы мен кеңістіктік локализациясы нақтыланып, Қазақстанның ортағасырлық тарихи географиясын реконструкциялаудың жаңа дерекнамалық және әдіснамалық негіздері жасалды. Автор әл-Идрисидің картасы мен мәтіндік сипаттамаларын талдай отырып, түркі тайпаларының этникалық шекаралары мен мәдени-өркениеттік өзара байланыстарын анықтайды. Мақалада сондай-ақ араб географиялық дәстүрі мен Птолемей картографиялық мектебінің ықпалы қарастырылып, әл-Идрисидің еңбегі сол дәуірдің кеңістік моделін қалыптастырған әмбебап дереккөз ретінде бағаланады. Әл-Идриси мұрасы Қазақстанның тарихи ономастикасы мен кеңістік жадын зерделеуде, ортағасырлық этникалық және мәдени ландшафты қалпына келтіруде айрықша ғылыми-танымдық маңызға ие.

Кілт сөздер: Әл-Идриси, тарихи география, ортағасырлық картография, топонимия, оғыздар, қарлұқтар, қимақтар, Сарыарқа, Каспий теңізі.

Дәйексөз үшін: Артықбаев Ж.О. Әл-Идриси (XII ғ.) картасы және оны тәпсірлеу мәселесі // Мәдени мұра. 2025. №4 (111). бб. 48-70 (қаз.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2025.v24.i4.04>

Кіріспе

Еуразия тарихында «Халықтардың ұлы қоныс аударуынан» кейін басталатын ортағасыр дәуірі ерекше орын алады. Бұл кезеңді зерттеуде түркі-моңғол халықтарының өз шежіре-дастандарымен және жазба әдебиетімен қатар, араб географиялық әдебиетінің де орны зор. Белгілі дәрежеде исламның алғашқы дүмпуімен байланысты пайда болған «әлемді игеру» идеясы осы дәуірде араб интеллектуалдық ортасына ерекше ықпал етті. Әлемнің әр түкпіріне аттанған араб саяхатшылары, саудагерлерімен қатар ғалымдар да өз еңбектерінде Еуразияны, соның ішінде Орталық Азияның жер бедері мен жер-су атауларын сипаттап, оларды карталарға түсірді.

Осы географиялық әдебиеттердің ішінде біздің аумағымыз үшін аса маңызды әрі танымдық деректердің қомақты мол қоры болып табылатын еңбектердің бірі – әл-Идрисидің «Нузхат әл-муштак фи ихтирак әл-афак» («Аймақтарды аралап қажыған адамның көңіл көтеруі») атты шығармасы және оған қоса жасалған «Сурат әл-Ард» («Жер бейнесі») атласы. Әбу Абдаллах ибн Мұхаммед әл-Идриси 1100 жылы Мароккода әмірлер әулетінде дүниеге келген. Ол Кордовада (Испанияның оңтүстігі) білім алып, біраз жыл Кіші Азияны аралап, кейін Сицилияға қоныстанған. 1165 жылы Мароккода қайтыс болған. Әл-Идрисидің «Нузхат әл-муштак» кітабы мен «Сурат әл-Ард» атласы, бір жағынан, компилятивті еңбек болса, екінші жағынан, ұжымдық сипатқа ие. Өйткені ол түрлі саяхатшылардың жазбалары мен карталарына негізделген.

Ортағасырларда осындай әлемдік карталарды жасау аса өзекті іс саналды және мұндай жобаларды билеушілердің өздері қолдап отырды. Сицилия королі

II Роджер (1098–1154) де осы идеяны жүзеге асыруға мүдделі болып, әл-Идрисидің жұмыс тобына 1154 жылға дейін қолдау көрсетіп отырған. «Нузхат әл-муштак» еңбегінде ғалым Еуропа, Азия және Африка елдерін сипаттайды. Араб әлеміне жақын аймақтар туралы мәліметтер неғұрлым нақты болса, сол кеңістіктен алыстаған сайын деректердің дәлдігі төмендей түседі.

Әл-Идрисидің «Нузхат әл-муштак» және «Сурат әл-Ард» еңбектерінде белгілі аумақтардың климаттық сипаттамасы, өзен, теңіз, тау мен кезеңдер туралы деректер беріледі. Ол жер кеңістігін Птолемей дәстүрімен жеті ықылымға (климатқа) бөліп қарастырады. Әр ықылым өз кезегінде он көлденең бөлікке бөлінген. Біздің зерттеуіміз үшін ғалым сипаттаған қазіргі қазақ жеріне тікелей қатысы бар төртінші ықылымның 8,9,10-бөліктері мен бесінші ықылымның 7,8,9,10-бөліктері айрықша қызығушылық тудырады. Дегенмен әл-Идрисидің еңбегі мен картасын тәпсірлеу оңай емес. Біріншіден, ол өз еңбегінде түрлі деректерді, соның ішінде күмәнділерін де пайдаланған, яғни еңбек компилятивті сипатта. Екіншіден, бірқатар жер-су атаулары араб тіліне аударылған немесе бастапқы нұсқасында қате жазылған. Осы себепті әл-Идриси еңбектерін толық тәпсірлеу бүгінгі күні қиындық туғызады. Бұл зерттеудің басты мақсаты – осы құнды дереккөзді ғылыми тұрғыдан түсіндіруге және тәпсірлеуге кілт табу.

Әл-Идрисидің қазақ жерін сипаттаған еңбектерін тәпсірлеу барысында біз оның орыс және қазақ тілдеріндегі аудармаларын қатар қолданамыз (История Казахстана в арабских источниках, 2010: 101-127; Қазақстанның ортағасырлық тарихына қатысты араб дереккөздері, 2016: 70-121).

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеудің басты дереккөзін ХІІ ғасырдағы араб ғалымы, географ әрі картограф Мұхаммед әл-Идрисидің «Нузхат әл-муштақ фи-ихтирак әл-афақ» («Аймақтарды аралап қажыған адамның көңіл көтеруі») атты энциклопедиялық еңбегі мен соның негізінде жасалған әйгілі «Сурат әл-Ард» («Жер бейнесі») картасы құрайды. Бұл еңбек Орта ғасыр дәуіріндегі Еуразия құрлығы туралы ең толық және құрылымдық сипаттамалардың бірі болып табылады. Онда қазіргі Қазақстан аумағына тікелей қатысты ондаған географиялық, этникалық және топонимиялық мәліметтер келтірілген.

Сонымен қатар, зерттеу жұмысы барысында Қазақстанның ортағасырлық тарихына арналған араб дереккөздерінің жинақтары (История Казахстана в арабских источниках, 2010; Қазақстанның ортағасырлық тарихына қатысты араб дереккөздері, 2016), С.Г. Агаджановтың оғыз-қыпшақ кезеңіне арналған зерттеулері (Агаджанов, 1969), академик Ә.Х. Марғұланның археологиялық және тарихи-географиялық еңбектері (Марғұлан, 1978), Ж.Е. Смаилов (Смаилов, 1997) пен А. Артықбаевтың (Артықбаев, 2023) ғылыми ізденістері пайдаланылды. Сонымен бірге, әл-Идриси еңбектерінің орыс және еуропалық тілдерге жасалған салыстырмалы-аудармалық нұсқалары мен аннотациялары деректанулық негіз ретінде қолданылды.

Зерттеу әдістемесі көпқырлы сипатта болды. Біріншіден, салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы әл-Идрисидің сипаттаған аймақтық нысандары қазіргі Қазақстанның географиялық шекараларымен салыстырылды. Екіншіден, деректанулық талдау әдісі арқылы араб мәтіндерінің әртүрлі

аудармалары мен тәпсірлеріндегі айырмашылықтар ескерілді. Үшіншіден, картографиялық және археолингвистикалық әдістер кешені қолданылып, көне атаулардың тарихи-географиялық контексті мен кеңістіктік локализациясы анықталды.

Сонымен қатар, зерттеу барысында лингвистикалық сәйкестендіру, тарихи-географиялық реконструкция, мәтіндік корреляция және интертекстуалдық талдау тәсілдері біріктіріле қолданылды. Бұл әдістердің үйлесімділігі Қазақстан аумағындағы ортағасырлық этникалық және саяси құрылымдардың кеңістіктік бейнесін әл-Идриси деректері негізінде ғылыми тұрғыдан қайта қалпына келтіруге мүмкіндік берді.

Әл-Идрисидің географиялық мұралары туралы зерттеулердің тарихы ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастау алады. Еуропалық шығыстанушылар Р. Доози, М. Амари, М. Конде, К. Константин секілді ғалымдар алғаш болып «Нузхат әл-муштақ фи ихтирак әл-афақ» еңбегінің қолжазбалық нұсқаларын жинап, латын және француз тілдеріне аударған. ХХ ғасырдың басында неміс және орыс зерттеушілері әл-Идриси жасаған «Сурат әл-Ард» картасының мазмұнын талдап, оны Птолемей мен әл-Хаукал, әл-Бакри еңбектерімен салыстырды.

Кеңестік дәуірде ортағасырлық араб географтарының еңбектері арқылы түркі халықтарының тарихи географиясын зерделеуге ерекше көңіл бөлінді. Сол кезеңде

С.Г. Агаджановтың «Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX–XIII вв.» (Агаджанов, 1969) еңбегі әл-Идриси деректеріндегі оғыз-қыпшақ дәуірін реконструкциялауда маңызды рөл атқарды. Сонымен қатар академик Ә.Х. Марғұланның археологиялық және

этнографиялық еңбектері (Марғұлан, 1978), В.В. Бартольдтың классикалық зерттеулері түркілердің тарихи кеңістігін анықтауда іргелі база болды.

Тәуелсіз Қазақстан кезеңінде әл-Идриси мұрасына деректанулық және картографиялық тұрғыдан жаңаша көзқарас қалыптасты. Ж.Е. Смаиловтың (Смаилов, 1997) локализациялық талдаулары, А. Артықбаев пен Ш. Илиясованың (Артықбаев, 2016) археолингвистикалық зерттеулері, сондай-ақ «Қазақстанның ортағасырлық тарихына қатысты араб дереккөздері» (История Казахстана в арабских

источниках, 2010; Қазақстанның ортағасырлық тарихына қатысты араб дереккөздері, 2016), жинақтары бұл бағытты жаңа деңгейге көтерді.

Талдау

Түркістан өңірі

(Төртінші ықылымның сегізінші бөлігі)

Әл-Идриси «Нузхат әл-муштак фи-ихтирак әл-афак» кітабының төртінші ықылымының сегізінші бөлігіне арналған тарауында былай делінеді: «Хорасан мен Мауараннахр өзендері (Амудария және Сырдария), сондай-ақ Ферғана, Усрушана, Шаш, Илақ, Фараб



Сур.1. Мұхаммед әл-Идрисидің «Сурат әл-Ард» картасы (1154 ж.)

Fig.1. The Map of the World «Surat al-Ard» by Muhammad al-Idrisi (1154)

қалаларын, әл-ағзас (тоғыз оғыз) елін қамтиды». Бұл жерде автордың тоғыз оғыздарды неге Орта Азия-Түркістан қалаларының қатарына қосып отырғаны жөнінде ойлану керек. Тарихи әдебиетте тоғыз оғыздарды ұйғыр деп қабылдайды, біз де осы пікірді қолдаймыз. Бұл тұста әңгіме тоғыз оғыз-ұйғырлардың осы кезеңде Шығыс Түркістан аймағына қоныстануына қатысты деп есептейміз. Автордың «Аталмыш аймақтардың әрқайсысында гүлденген және атақты қалалардың орталықтары орналасқан» деген тұжырымы осының дәлелі.

Одан әрі әл-Идриси Шаш пен Илақ өңірі туралы жазады. Оның мәліметінше, бұл алқаптың «ендік көлемі екі күндік, бойлық көлемі үш күндік жол» (Қазақстанның ортағасырлық тарихына қатысты араб дереккөздері, 2016:71). Ғалымның айтуынша, бүкіл Мәуреннаһрда қалалар мен ауылдардың, ғимараттардың көптігі жағынан Шаш пен Илаққа ұқсас елді мекен жоқ. Осы тұста автор «Исфиджаб пен Шашқа жапсарлас орналасқан, әл-Қилас атауымен белгілі, таусыз-қырсыз жазық даладағы «Баба әл-Хадид» қақпасы туралы жазады. Бұл сипаттама Сайрам маңындағы қасиетті орындардың бірі – Қарамұрт қышлағындағы Кален баппен байланысты болуы мүмкін (Артықбаев, 2023).

Әл-Идриси Шаш, яғни қазіргі Ташкент өңіріндегі қалаларды сипаттай келе: «Илақ қалалары Шашқа оңтүстік жағынан көршілес әрі жақын орналасқан. Бас қаласы Тункас атауымен белгілі. Қалалары: Сакакас, Банжахаш, Нукас, Балаян, Такас, Арбалых, Намузлағ, Хамрак, Нужакас, Каһасим, Дахкас, Харханкас», - деп көрсетеді. Автор Илақ деп қазіргі Әнгрен (Ахангаран) өзені бойында орналасқан қалалық аймақты атайды. Алайда мұнда бір қарама-

қайшылық бар. Оның жазуынша, «Тункас қаласы мен базарлары Барақ өзенінің жағасын бойлай орналасқан». Зерттеушілердің пікірінше, Барақ – бүкіл Ташкент өңірі суын пайдаланып отырған қазіргі Шыршық өзені (Қазақстанның ортағасырлық тарихына қатысты араб дереккөздері, 2016:72). Басқа ортағасырлық деректерде Шыршық атауы «Түрік дариясы» деп те аталады. Қалай болғанда да, әл-Идриси картасында Әнгрен мен Шыршық нақты жіктелмеген.

Бұдан әрі автор: «Тункас жерінің бір бөлігі Исфиджаб аймақтарымен жапсарлас жатыр. *Исфиджаб* – халқы көп, жердің жазық бөлігінде орналасқан қала. Құрамында Будахкас, Субаникас, Тараз, Атлах, Шалжы, Кедер, Суткенд, Шауғар, Сабран, Уасидж атты қалалар бар», - деп жазады.

Бұл қалалардың көпшілін қазіргі топонимияға қарап локализациялауға болады, дегенмен Субаникас сияқты түсініксіз атаулар да кездеседі. Әл-Идриси осы қаланы «Канджида аймағының бас қаласы» дейді. Біздіңше, «Канджида» қазіргі Қазығұрт аймағы болуы мүмкін. Осы болжамды негізге алсақ, Субаникасты да орналасуын анықтау жеңілдейді.

Әл-Идрисидің «Кедер болса, Барабтың бас қаласы, Уасидж да Бараб құрамына кіреді» деген дерегі өте маңызды. Біріншіден, бұл жерде «Бараб» жеке аймақ атауы ретінде берілген. Бұл біздің Бараб атауы ортағасырларда «орманды дала» деген ұғымды білдіреді деген ғылыми жорамалымызды растай түседі (Артықбаев, 2023: 170-182). Автордың өзі де оны «егінді-тоғайлы жер» деп сипаттайды. Екіншіден, ортағасырлық Отырар қаласының бір атауы «Кедер» болуы әбден мүмкін.

«Нузхат әл-муштак» кітабындағы

«Сабран – оғыздар бітім жасасқан кезде келісім мен сауда-саттық үшін жиналатын орын» деген дерек те назар аударарлық. Біздің ойымызша, Сауран ежелден Түркістанның ірі шаруашылық орталықтарының бірі болған, сондықтан атаудың этимологиясын да осы бағыттан іздеген дұрыс.

Ұлы географ Тараз туралы: «Тараз қаласы – мұсылмандардың сауда орталығы. Түркілер мен Тараз мұсылмандарының арасын бөліп тұрған бекіністер бар», - деп жазады. Бұл жерде әңгіме Тараздан солтүстікке қарай қоныстанған қарлұқтар туралы болып отыр.

Сонымен, егер Сауран аймағын оғыз иелігі ретінде қарастырсақ, Тараз өңірі қарлұқтардың ықпалында болған деген қорытынды жасауға болады.

Әл-Идриси осы тарауда Шаш дариясын (Сырдарияны) Ходжендтен бастап Хорезм теңізіне дейін (*Жаңа кент – әл-Қарийа әл-Хади*) бойлай сипаттайды. Біз осы шолудағы географтың сүйенген деректері нақты деп есептейміз. Дегенмен қазақ шежіресі қазіргі тәпсірлерге бірсыпыра дерек бере алады. Мысалы, автор: «Кенд қаласы Ходжендтен үш миль * (*бұл жерде миль – 2 шақырымдай жер, фарсақ – шамамен 6-7 шақырым, мархала – бір көш, яғни 25-30 шақырым) жерде орналасқан. Үлкен, әсем қала. Жерінің барлығын жүзім ағаштары мен бау-бақшалар алып жатыр. Кенд бау-бақшалары мен үйлері тығыз орналасқан, орталық қала. Мешіті қала ішінде», - деп сипаттайды. Қазақ шежіресінде Ходжентті, әдетте, «Қожа кент» деп атайды.

Қарлұқ елі

(Төртінші ықылымның тоғызыншы бөлігі)

«Негізінде төртінші ықылымның тоғызыншы бөлігі қарлұқ хақаны мен

қарлұқ түркілерінің қалаларының бір бөлігін, Рузан мен Йалан, Төменгі Барсхан қаласын, халажылар жерін және ондағы қалалар мен өзендерді, қамалдарды және қимақтар елінің кейбір өңірлерін қамтиды. Біз қолда бар дерекке сүйене отырып, бұл жерлер туралы алдыңғы тарауда баяндағанымыздай сөз етеміз» деп бастайды бұл тарауды әл-Идриси.

Өкінішке орай мәтін басталмай жатып қарама-қайшылық байқалады. Автор қарлұқтар туралы жазатынын айта келе, әрі қарай «Ахсикастан (Ахсикент – Ж.А.) тоғыз оғыз қалаларының бірі Қарантияға алып баратын жол бағытын баяндаймыз» дейді. «Қарантия» атауының нақты локализациясы әлі күнге дейін даулы. Б.Е. Көмеков пен О. Караев сияқты зерттеушілер оны Алакөл ойпатына орналастырады (Караев, 1968:56; Кумеков, 1972: 72). Алайда Алакөл жағалауы маңынан ортағасырлық қалашық ізі әзірше табылған жоқ. Біздің есебімізше Қарантия қаласы Қорғалжын-Теңіз су айдынының солтүстік жағалауына, Нұра өзенінің сағасына орналасқан ортағасырлық Бытығай қалашығына сәйкес келеді (Артықбаев, 2014: 34-41).

Әл-Идриси бойынша «Қарантия қаласы Ғаған (Гаган) деп аталатын үлкен көлдің жағасында орналасқан. Көлдің бойлық көлемі алты күндік, ендік көлемі бір жарым күндік жол. Қарантия билеушісі қуатты, төзімді, қол астында жауынгерлері бар, халқы көп, жылқы өсіретін және құралайды көзге атқан мергендерімен танылған. Қарантиядан қимақ (кемек Ж.А.) билеушісінің қаласына дейінгі арақашықтық – 24 мархала. Бұл жолдың бағыты батыстан шығысқа қарай» (Қазақстанның ортағасырлық тарихына қатысты араб дереккөздері, 2016: 78).

Бұл жерде бір күндік керуен

жолының өлшемі-мыс делінетін араб мархаласы нақты уақыт бірлігі емес екенін білген дұрыс. Еуразия кеңістігінде керуендердің тәулігіне 46 шақырым жылдамдықпен жүре алмайды. Жүрген күннің өзінде де, мысалы Бетпақдалада олар бірнеше күн тынығып отырған. Сондықтан әл-Идрисидің 24 мархала дегенін 25-30 шақырымға көбейткенде шамамен 700 шақырымдық аралық шығады. Бұл Қорғалжын-Теңіз маңынан қимақтар орталығы болған Орта Ертіске дейінгі қашықтыққа сәйкес келеді.

Ғалым әрі қарай былай жазады: «Ғаған деп аталатын аталмыш көлдің батысында Ғаған қаласы орналасқан. Қарантия мен Ғаған арасы 6 мархала. Ғаған табиғи байлығы көп, берекелі қала. Бұл қалада жібек киімдерді жасаудың өзіндік тәсілдері бар. Малдың жүнінен керемет киім түрлерін тігеді. Түркі көпестері бұл киімдерді көптеп артып, түркі қалаларының барлығына апарып саудалайды» дейді. (Қазақстанның ортағасырлық тарихына қатысты араб дереккөздері, 2016:79). Б.Е. Көмеков бұл Гаган қаласын Алакөл аймағының оңтүстік-шығыс жағасындағы Көктұма ауылы маңына орналастырады (Көмеков, 1972:108). Дегенмен біз Есілдің орта ағысындағы ортағасырлық қалалар тобына назар аударған жөн деп есептейміз. Дереккөзде Ғаған/Гаган қаласынан Дамурияға дейінгі аралық батысқа қарай төрт күн деп көрсетілген. Осы шамамен қарастырсақ, Қорғалжын-Теңіз маңындағы қалалардан Есіл бойындағы Ор (Оркөшегі) қаласына дейінгі қашықтық дәл осы мөлшерде шығады. Оркөшегі қалашығы қазіргі Ақмола облысының Жарқайың ауданындағы Державин/Кенесары кенттеріне жақын орналасқан. Осыған жақын, екі мархала қашықтықта, Сараус (Сарауас) қаласы орналасқан. Әл-Идриси

бұл екі қаланы да «Шарийа өзенінің бойында орналасқан» деп сипаттайды. Біздіңше, «Шарийа» деп отырғаны не Есіл өзені, не оның оңтүстіктен келіп қосылатын ірі саласы – Терісаққан. Есіл бойындағы зерттеу жұмыстарымыз заманында Атбасар-Жарқайың арасында дамыған қалалық мәдениет орталығы болғаны туралы көптеген деректер берді.

Дегенмен әл-Идрисидің картасы мен жазбаларында қайшылықтар жиі кездеседі. Бұл компилятивті еңбектерге тән құбылыс. Мәселен, аталған Шарийа өзені бірде батысқа қарай ағады, бірде «Ғаған көлінің солтүстігінен шығып, төменгі жағынан құяды» деп сипатталады. Егер Ғаған (Гаган) көлін Қорғалжын-Теңіз су айдынына теңестірсек, оған құятын өзен Есіл емес, Нұра болуы тиіс. Дегенмен XVIII ғасырдың өзінде де кейбір географтар Қараөткел маңындағы Нұра мен Есіл өзендерін ажырата алмаған. Көп жағдайда Нұра суы бірнеше саламен (Қозыкөш, Сарқырама, Мұқыр) жазғытұрым Есілге құяды. Әл-Идрисидің «өзен бойындағы ауылдардың бір-бірімен қайық арқылы қатынаса алатыны» (қаласа ескек немесе желкенді қайық арқылы барады). жөніндегі мәліметі осыны дәлелдей түседі және зерттеуді қажет етеді.

Әл-Идриси бұдан әрі «Сарауас қаласынан Банжар қаласына дейін шығыс бағытта шөлді, далалы жер арқылы 10 күн. Жол бағыты Ғирғир тауының етегі арқылы өтеді. Дегенмен де бұл жол өте қауіпсіз. Банжар жері үлкен, әртүрлі қимақ түркілері қоныстанған қала. Қалада жауынгерлер, қару-жарақтар [мол], тауларында қала қазынасын (толтыратын) күміс кен орындары бар» деп әдемі суреттейді (Қазақстанның ортағасырлық тарихына қатысты араб дереккөздері, 2016: 80). Банжар атауы әл-Идрисиде бірнеше мағынада

кездеседі: бір тұста – қала, екінші тұста – тау атауы ретінде. Біздің ойымызша Сараус пен Банжар арасындағы Ғирғир/Қырқыр тауы Ақмола мен Ертіс белдеуі арасындағы Ереймен тауларына ұқсайды.

Дереккөзінде түсініксіз қалған ақпараттың бірі «Дамуриядан қарлұқ хақанының қаласына дейін адам қоныстанбаған далалы жер арқылы 12 күн. Бұл – қауіпті жол. Адамдар бұл жолмен аз жүреді, өтсе тек көп әскермен өтер. Бұл дала – қарлұқтар мен кимектер арасын бөліп тұрған шекаралы аймақ» (Қазақстанның ортағасырлық тарихына қатысты араб дереккөздері, 2016:81). Сонымен қарлұқ астанасы жұмбақ болып қалады. Біздің ойымызша «қарлұқ хақанының астанасы» Қарқаралы қаласы маңы болуы мүмкін (Сыздықов, 2014:105).

Қарлұқ тарихы үшін құнды деректердің бірі – әл-Идрисидің келесі жазбасы: «Тараздан Төменгі Барсханға дейінгі аралық – 39 миль. Төменгі Барсхан – ауылдар мен ғимараттардан тұратын өңір. Одан әрі Касрабасқа дейін 6 миль. Бұл жер – қарлұқ түркілерінің қыстауы. Тау маңында халаджылар қыстайды. Халаджылар – түркілердің бір бұтағы» (Қазақстанның ортағасырлық тарихына қатысты араб дереккөздері, 2016: 81). Шығыстық шежірелерде (Рашид ад-Дин, Әбілғазы және т.б.) халадж тайпасы «қалаш» деп аталады және ол қазіргі түрікмен мен әзербайжан халықтарының құрамында сақталған. Бұл тайпаның бір бөлігі Ауғанстандағы гильзай қауымының негізін құрайды. Олардың арғы тегі – ақ ғұн абдалдар мен оғыз-түркілік гильзайлар.

Жалпы, әл-Идрисидің еңбектерінде қарлұқтарға қатысты деректер көп емес, әрі бар мәліметтер нақты емес: кейде бір қала – кемекке, кейде – халадж

еліне телінеді. Мысалы, «Демиртах – тау етегінде орналасқан шағын қала. Бұл қаладан Хайхам қамалына дейін шығыс бағытта далалы, елсіз, шөбі мол аймақ арқылы 20 мархала, яғни 500 шақырымдай. Мұнда халаджылардың бір бөлігі тұрады. Олар көшпелі, мал жүнінен жасалған үйлерде өмір сүреді». Бұл сипаттама кейде қарлұқтарға да, кейде кемектерге де қатысты болуы мүмкін. Әл-Идрисидің айтуынша, «Хайхам қорғанынан Даһлан қамалына дейінгі (кемек өлкесі – Ж.А.) аралық – шығыс бағытта 7 мархала. Даһлан қамалы мықты бекініс, қару-жарақ пен жауынгерлері көп. Дахлан қаласы Сілеті өзенінің орта ағысында орналасқан Тұлпартас қаласына сәйкес келеді» (Артықбаев, 2014: 38). Сілетінің орта ағысындағы ортағасырлық қалалық өркениет (Сырлытам, Құрымсы обасы т.б.) әлі зерттелмегендіктен олардың нақты халаджға, оғызға, қарлұққа қатысы туралы бірдеме айту қиын. Қалай болғанда да бұл қалашықтар тікелей кемекке қатысты емес. Географтың өзі де осы өңір туралы айта келіп: «Даһлан қамалынан Ханауашқа дейін солтүстік бағытта 6 күн. Ханауаш қаласында қимақтар қоныстанған», - дейді, яғни Сілетіден солтүстікке жүрсеңіз, бірнеше күнде Ертіске жетесіз.

Кемек/қимақ өркениеті

(Төртінші ықылымның оныншы бөлігі)

Сонымен, Ертіс бойында пайда болған, ғылыми әдебиетте Қимақ, Кимек түрінде әртүрлі жазылып жүрген атаудың анықтамасына қатысты пікірімізді білдіріп кетейік. Бұл сөзде саяси, этникалық мазмұн бар деп айту қиын. Біздің ойымызша, бұл атау ұлы өзен бойын мекендеген халық дегенді білдіреді. Әл-Идриси Ертіс атауының орнына «Ғамаш/Ғамаш» сөзін қолданады, бұл Ертістің көне

атауларының бірі. «Гамаш» атауының түпнұсқасы – «Кем». Мәселен, «Ұлыг Кем» – Енисей өзенінің бір атауы, сол сияқты «кеме» – үлкен қайық, «кемер» – өзен, көл жиегі. «Гамаш» атауының осы айтылған мағынасы «қимақ» (немесе «кимек») сөзінің мағынасына күн шұғыласын түсіреді десек, бекер болмас. Сонымен, «қимақ/кимек/кемек» – өзен бойының адамдары, тұрғындары деген ұғымды білдіреді.

Әл-Идриси: «Негізінде кимек билеушісі – билеушілердің ішіндегі ең қадірлі, аса ықпалды адам. Кимектер – саны көп ел. Олар – отқа табынатын мәжусилер. Араларында өзге діндегілер де бар. Тоғайлы, қалың ағашты жерлерде тұрады, жайылым іздеп көшіп-қонып жүреді. Кимектердің оңтүстігінде тоғыз оғыздар, батысында және Тибет аймағына жақын оңтүстік жерінде қарлұқтар, батысында халаджылар, шығысында Зұлмат (Бахр аз-зулма) теңізі бар (зерттеушілер Зұлмат теңізін Тынық мұхиттың солтүстік және солтүстік-шығыс бөлігі деп есептейді – Ж.А.). Бұл теңізде адам қоныстанған аралдар кездеседі. Көпестер аталмыш аралдарға мініс көліктерін алып өтіп, ағаштардан жасалған жайларға түнейді. Аялдаған кезде көліктері ағаштардың діңгектеріне байланып тұрады».

Кимек билеушілерінің қалалары – 16 қала: Астур, Нажа’а, Бурах, Сисийан, Манан, Мастанах, билеушінің Хақан деп аталатын қаласы, Банжар, Даһлан, Ханауаш (Қазақстанның ортағасырлық тарихына қатысты араб дереккөздері, 2016:85).

Әл-Идрисидің сипаттауына қарағанда, Кемек елі халқы көп, билеушісі мықты, ықпалды мемлекет. Әрине, бұл мәтін IX-XI ғасырларға ғана қатысты, яғни шағын уақыт аралығында. Дегенмен кемектердің мемлекеті болған

деп есептейміз. Әуел баста Кемек мемлекеті жеті тайпаның одағы болған. Әл-Идрисидің Кемек елі батысында және оңтүстігінде қарлұқ елімен шекараласады дегенін қабылдаймыз. Осы кезеңде қарлұқ елінің үлкен бөлігі Орталық Қазақстан аймағына қоныстанған. Бірақ әл-Идрисидің Кемек елі оңтүстігінде тоғыз оғыздармен, яғни көне ұйғыр қауымдарымен шекаралас дегені түсініксіз. Біздің ойымызша, Орхон-Енисей түркі жазбаларында жиі аталатын тоғыз оғыз елі қазіргі Моңғолия жерін мекендеген (Радлов, 2007:234). Мүмкін, тоғыз оғыздардың бір бөлігі көші-қон кезінде Ертістің оң жағалауына келген болар.

Әл-Идрисидің маңызды деректерінің бірі – кемектің 16 қаласы туралы мәлімет. Енді осы қалалар туралы деректерді талдаймыз және локализация жасап көреміз.

Әл-Идриси кемек қалаларына Тараз арқылы барған Тамим Бахр деректеріне сүйенген болуы керек. Тараз бен кемектің Банжар қаласының арасы 36 мархала дейді. Біз қазақтың «бір көш» есебіне, яғни күніне 25-30 шақырымға салсақ, шамамен 800 шақырымдай қашықтық шығады.

Кемек (қимақ, кимек) қалаларын локализация жасау оңай шаруа емес. Оның басты себебі – араб географының жазбаларындағы атаулардың этимологиялық тұрғыдан талдауға келе қоймауы. Осы жағдайда біз Орта Ертіс бойында жүргізген далалық зерттеулерімізде анықталған деректерге сүйенеміз.

Алдымен әл-Идриси жазбасындағы Хан қаласы туралы: «Хан қаласы – Хақан. Темір қақпалар қойылған, айналасын қоршаған мықты қорғандары бар үлкен қала. Билеуші қалада көп жауынгер, әскер ұстап, сақадай-сай отырады. Оның

әрекет-қимылына бұрыннан қанық түркі билеушілері күшінен сескеніп, қаһарынан қорқып, шапқыншылығынан сақтанып отырады. Ол үлкен билеуші, қимақтарды бұрыннан билеп келе жатқан әулет адамдары ғана билейді» (Қазақстанның ортағасырлық тарихына қатысты араб дереккөздері, 2016:86).

Кемек астанасы Хақан қаласын біз Павлодар облысы, Май ауданына қарасты Қызыл Еңбек ауылының тұсындағы ескерткіштер кешенімен сәйкестендіреміз. 2001-2008 жылдары осы өңірде кешенді зерттеу жүргізілді. Бұл жердің ортағасырлық атауы – Қалабалғасын. Бұл атауды Ертістің оң жағалауындағы Подпуск ауылы тұрғындары сақтаған, олар өзеннің сол жағасын «Калбасунка» деп атайды. Калбасункадан Подпускке өтетін «Бірауыз» атты өткел болғаны да белгілі.

Археологиялық қазба нәтижесінде ортағасырлық қалашықтың орны және қызыл кірпіштен қаланған Қалабалғасун кесенесінің қалдықтары табылды. Осыған байланысты «Калбасун» сөзінің этимологиясы назар аударарлық. Тарихта Қарахан мемлекетінің астанасы Баласағұн атауымен белгілі. «Баласағұн» сөзіндегі балық (balig) – көне түркі тілінде «қала», ал сагун (sagun) – қарлұқ тілінде ақсүйек титулы (Древнетюркский словарь, 1969:80, 481). Егер «Калбасунды» «Қала балық сағұн» деп оқысақ, «билеуші әулеттің қаласы» деген мағына шығады (Артықбаев, 2014:38).

Енді Хақан қаласы – Қалабалғасын негізгі нүкте ретінде алынып, өзге қалалар шолынады. Бұл ретте әл-Идрисидің кемектердің ескі және жаңа астаналары туралы мәліметі маңызды: «Хақан қаласынан Мастанах қаласына дейін солтүстік бағытта далалы, өзенді жер арқылы төрт күн. Мастанах ертеде бас орда болған. Содан астана қазіргі орда

тігілген жерге көшірілген. Бұл қаладан Қоршаған теңізге дейін алты күн» (Қазақстанның ортағасырлық тарихына қатысты араб дереккөздері, 2016:87). Географтың «өзен аталмыш билеуші қаласы арқылы өтіп, арнасы солтүстік жаққа Мастанах қаласына ауады» дегені – қаланы Қалабалғасыннан төменірек іздеу керек деген белгі. Мастанах қаласы Қалабалғасыннан төменірек орналасқан Ақсарай, Күйгенсарай, Жаңасарай топонимдерімен байланыстырылады. Қазіргі таңда бұл жер Павлодар облысы Май ауданының Малайсары ауылдық округі аумағында, 1-ферма атауымен белгілі.

Әл-Идриси мәтінінде «қоршаған теңіз» деген географиялық нысан бар. Шығыстанушылар бұл теңізді Тынық мұхит деп есептейді, алайда біздің ойымызша, мұнда Солтүстік Мұзды мұхит айтылуы да мүмкін.

Бұдан әрі ғалымның: «Біз айтып өткен бұл қалалардың барлығы Ғамаш өзенінің бойында орналасқан. Ол Банжар тауынан ағып келетін үлкен өзен. Өзен аталмыш таудан шығып, шығысқа қарай ағады, содан Астур қаласына жетеді. Астур – оңтүстікте. Одан әрі өзен Сисийан қаласына ағады. Сисийан – өзеннің солтүстік жағында. Ол қаладан өзен арнасы билеушінің қаласына жетеді. Бұл қала өзеннің оңтүстік жағында» деген мәліметі маңызды (Қазақстанның ортағасырлық тарихына қатысты араб дереккөздері, 2016:87).

Сипаттамаға қарағанда, Астур мен Сисийан қалалары Ертістің жоғарғы ағысында. Сисийан (Сисан) Астурдан шығыс бағытта шамамен 300 шақырым жерде, қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Семей өңіріне қарасты Кривинка (Соқырқала) елді мекенінің маңында. Сисан қаласының іздері толығымен сақталмаған, бірақ

Ертістің оң жағалауында Семияр (Кіпитан) ауылынан 10 шақырымдай жерде тартылып қалған өзен арнасының қабағынан қалашық іздері байқалады. Орта Ертіс өңірінде қыстау үйлерді жерге терең қазып салу дәстүрі 1950 жылдарға дейін сақталған. Жергілікті халық мұндай үйлерді «балаған» деп атаған. Қалашықты біз қазан шұңқырлардың бірінің түбінде ақ жылан жатқан себепті шартты түрде «Ақ жылан қаласы» деп атадық.

Әл-Идриси сипаттамасында Банжар атауы екі рет қолданылады: бірінде – Ертіс/Ғамаш өзені бастау алатын тау, екіншісінде – далалық өлкеде орналасқан кемектің үлкен қаласы. «Жолаушы Банжардан шығып, шығыс бетке алып, Астур қаласына дейін далалы, қоныссыз жерлер арқылы алты мархала жүреді». Ал түріктер қоныстанған Астур қаласы Ертіс дариясының бойында тұр: «Астур – түркілер қоныстанған қала. Алқаптарына егін егілген. Суы мол. Өнімдері – бидай, күріш. Жерлерінде темір кен орындары бар. Шеберлері темірден әртүрлі керемет бұйымдар мен заттар жасайды. Қала Ғамаш өзенінің бойында орналасқан. Халқы [соғысқа] сақадай-сай жүретін күшті халық. Сол сипаттарының бірі ретінде қару-жарақтарын асынып, сақ жүретіндерін айтса болады. Жалпы, тұрғындары осы [жердің] суы мен ауасынан нәр алған түркілердің ішіндегі өте батыл, аса жігерлі, қорғаныстары күшті, талап еткендеріне қол жеткізе алатын адамдар. Билеушілерінің алдында сыйлы, қадірлі жұрт. Байлықтары мол, тұрмыстары қарапайым. Астур қаласынан Сисийанға дейін шығыс бағытта далалы, өзенді жерлер арқылы он екі күн». Банжардан шығыс бағытта шамамен 180 шақырым жерде жатқан Астур қаласы Ғамаш-Ертіс өзенінің бойында орналасқан.

Нақтырақ айтқанда, ол Павлодар облысына қарасты Ақсу ауданының Қазалы ауылы маңындағы Сырлықала ескерткішімен сәйкес келеді. Ол жерден 2001 жылы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің этноархеологиялық тобы оғыз-қимақ дәуіріне тиесілі зәулім патша обаларын тапқан.

Банжар қаласы әл-Идрисидің деректері бойынша тау етегінде орналасқан. Бізге бұл қаланың орнын табуға мүмкіндік болмады; мүмкін, Қара Ертіс бойында соңғы онжылдықтарда ашылған кемек қоныстарының бірі болуы ықтимал. Ортағасырлық араб географиялық әдебиетіндегі Ертіс бойы өркениеті туралы деректерді кешенді және салыстырмалы түрде зерттеу маңызды. Бұл зерттеулер тым ерте замандардан бері Еуразия құрлығының тіршілік артериясы болған Ұлы меридиан жолымен тікелей байланыста болған.

Каспий (Хазар) жағалауы

(Бесінші ықылымның жетінші бөлігі)

Әл-Идрисидің «Нузхат әл-муштақ фи-ихтирақ әл-афақ» атты кітабының «Бесінші климаттың жетінші бөлігі» Қазақстанның батыс аймағын қамтиды. Автордың өзі: «Негізінде бесінші климаттың жетінші бөлігі Хазар теңізі деп те аталатын Ұлы Табаристан теңізі мен оның айналасындағы хазар және оғыз сияқты елдерді қамтиды. Азда болса жазылуы керек деректерді қамтып, жердің бұл бөлігі туралы бастаған еңбегімізді толық тәмамдау үшін Алла Тағаланың күдіретімен баяндауға ниеттіміз», – дейді. Бұл жерде ұлы картографтың Ұлы Табаристан теңізі немесе Хазар теңізі деп отырғаны – Каспий теңізі.

Бұдан әрі әл-Идриси: «Сонымен, Табаристан – бірде-бір теңізге

қосылмайтын, оқшауланған, бөлек теңіз. Батыстан шығысқа қарай бойлық көлемі 800 миль, теңіз аздап солтүстікке ауады. Ені 600 миль. Бұл теңізде 4 арал бар», – дейді. Әдетте ортағасырлық географиялық әдебиетте Табаристан деп Каспий теңізінің оңтүстік жағалауындағы қалалық өлкені атайды. Теңізді осы атаумен атау оңтүстіктен келген саяхатшылар тарапынан басталған сияқты.

Әл-Идриси бұл аймақты сипаттағанда әл-Хаукал еңбегіне сүйенген болуы керек, себебі сілтеме жасап: «әл-Хауқали өз кітабында бұл теңіздің жер бетіндегі бірде-бір теңізге шығатын бұғазы жоқ, ешқандай теңізбен араласпайтын, су құйылмайтын оқшауланған теңіз екенін айтқан. Бірақ бұл теңізге Итил (Исил) атымен белгілі ар-Рус өзені құяды және ол өзен түркілер жерінен шығып, шығыс жақтан бұлғарлар жеріне дейін ағып барады», – дейді (Қазақстанның ортағасырлық тарихына қатысты араб дереккөздері, 2016:90).

Каспий теңізіне солтүстік жағынан құятын Еділ өзені туралы автор: «Сол тұста өзен екі арнаға бөлінеді. Оның бірінші арнасы біз жоғарыда айтып өткен Баб уа-л-Әбуаб теңізіне, ал екінші арнасы батысқа ауып, аз-Зикақ (тар жол) жағынан Жерорта теңізімен араласатын Константинополь жерін шайып жатқан Бунтус теңізіне құяды», – дейді. Мәтіннің осы тұсында тағы да бір қарама-қайшылық бар. Мысалы, Каспий теңізі осы жерде «Баб уа-л-Әбуаб» теңізі деп аталған. Шын мәнінде, бұл атаумен араб саяхатшылары Каспийдің батыс жағалауындағы Дербент қаласын атаған. Екінші мәселе – Еділ өзенінің бір сағасының батысқа, яғни Қара теңізге қарай ауып кететіні туралы қызық мәлімет. Үшіншіден, Қара теңіз арабша Бунтус (гректер де Қара теңізді понт –

«теңіз» деп атаған) деп аталады.

Каспий теңізінің суы туралы дерек көзі: «Суы тұзды, су деңгейі төмендемейді де, ұлғаймайды. Әл-Қулзум теңізі мен басқа теңіздерден бөлек, яғни теңіз түбі қап-қара», – дейді. Бұл жерде әл-Идрисидің Әл-Қулзум теңізі деп отырғаны – Еуропалық географиялық әдебиеттегі Қызыл теңіз, яғни Мысыр мен Арабия түбегі арасындағы су айдыны. Әл-Қулзум – осы Қызыл теңіздің ортағасырлық айлағы, теңіздің өзін арабтар әл-Бахр әл-Аһмар деп атаған.

Әл-Идриси Каспий теңізінің түбі қап-қара болуының себебін табанындағы ми-балшықтан деп түсіндіреді және «Китаб әл-‘ажа’иб» кітабына сілтеме жасай отырып, Каспий теңізі Бунтус теңізімен (Қара теңізбен) жер асты арқылы жалғасады дейді. Екеуінің арасы шамамен 600 миль. Бұл – өте қызық пікірлердің бірі. Автор: «Бұл теңізден тек балық қана алынады және мұсылмандар жерінен шыққан көпестер бұл теңіз арқылы хазарлар жеріне барады», – дейді. Ортағасырларда қай өлке болмасын деңгейі сауда қызметі арқылы анықталады, ендеше Каспийдің маңызы да алдымен оңтүстік пен солтүстік арасындағы сауда дәнекерлігі арқылы айқындалған.

Автор «Теңіз Арран, әл-Жил, Табаристан, Журжан арасында орналасқан», – дейді. Қазіргі оқырман үшін түсініксіз бұл топонимдер ортағасырлық Каспий маңындағы елдердің атауы ретінде белгілі. Арран деп географиялық әдебиетте қазіргі Әзірбайжан – ортағасырлық Кавказ Албаниясы айтылады. Бұл кезде қалалық мәдениеті дамыған, шаруашылығы гүлденген өлке болған. Табаристан туралы жоғарыда айтылды, ал Журжан деп географиялық әдебиетте Үргеніш айтылады. Әл-Идрисидің «Нузхат

әл-муштақ фи-ихтирак әл-афақ» шығармасының қазақша нұсқасында: «Теңіз арқылы Асил жұрты Журжан мен одан да басқа жағалаудағы қалаларға барады» деген сөйлем бар. Бұл жерде түпнұсқаны оқуда қателік бар деп есептейміз, негізінде «Асил жұрты» емес, «Еділ жұрты» болуы керек. Мысалы, осыдан кейін аудармашы: «Содан кейін Асилге оралып, Итил өзеніндегі шағын қайықтарға отырады. Содан өзен бойымен әл-Бұлғарияға жеткенше жүзеді. Содан кейін Итил өзенінен бөлініп, Бунтус теңізіне құятын арнаға түседі», – дейді (Қазақстанның ортағасырлық тарихына қатысты араб дереккөздері, 2016:91).

Әл-Идриси Каспий теңізінде бірнеше арал бар дейді. Оның бірі – адам қоныстанбаған, үлкен, бұлақтар ағатын, тоғайлары бар, жабайы аңдар мекендейтін Абискун аралы. Иранның Астрабад шығанағы жағында, Гурган қаласына жақын орналасқан бұл арал қазіргі географиялық әдебиетте Ашур Ада деп аталады. Әдетте шығыс елдерінде «Ашур» көп мағыналы сөздердің бірі: мысалы, Шумердің бас қаласы, Ассирия патшасы т.б. Алайда бұл жерде оғыздардың «ашур» деп теңізден соққан желді айтатынын ескеру керек, сонда «Ашур Ада» дегеніміз – Желді арал. Маңғыстаудың оңтүстік алқабында, Темір бабаға жақын «Ағыс Ада» деген арал бар, бұл көне атауды «Сегіз арал» деп аударуға болады.

Әл-Идриси сипаттаған екінші арал – Сийаһкуһ. Тарихи әдебиетте Сийаһкуһ атауын «Қаратау» деп аударады, яғни Маңғыстаудың Қаратауы. Әл-Идриси жазбасында Қаратауды бүкіл Маңғыстау өңірінің ортақ атауы ретінде қолданған: «Сийаһкуһ аралы болса, негізінде қазіргі уақытта онда түркілердің бір жұрты қоныстанған. Олар өз тайпасымен

араздасып, олардан бөлініп осы аралға көшіп келген. Жоғарыда айтып өткеніміздей, мұнда жайылымдық жерлер мен су көздері көп». Автордың айтып отырғаны – Сыр бойын қыстап-жайлап отырған кезеңдегі оғыздардың ішкі жанжалы. Әбілғазы баһадүр хан «Түрік шежіресінде» X ғасыр соңында Әли жабғудың қарамағындағы оғыз елі Сырдың екі жағасында отыр еді дейді: «Әли хан өзі Жанкентте отырушы еді, көшпелі оғыздарға өзінің жас баласы Шахмәлік атанған Қылыш Арсланды (998–1042 жж.) аттандырды...». Шахмәлік өсе келе елге тынышсыз болды, елдің сұлу қыздары мен келіншектеріне маза бермей қойды. Көшпелі оғыз қауымдары намыстанып, Шахмәлікті өлтірмекке дайындалды. Ол болса қашып, әкесіне келді де, он мың әскермен қайта оралды.

Үргеніш, Мұрғал, Теджен оғыздары да ұлы би Қайы тайпасының өкілі Қорқыт бастап дайындалып тұр еді. Байтақтан келген жазалаушы әскердің тас-талқанын шығарды. Осыдан кейін оғыздың ішкі азамат соғысы басталды. Қылық бек, Қазан бек, Қараман бек бастаған оғыздар Маңғыстауға кетті (Кононов, 1958:68). Әбілғазы бұлардың ішінде оғыздың бүкіл руларының өкілдері болды дейді, бірақ көбі – Имир, Дукер, Игдир, Чавулдур, Каркын, Салор және Агар. Расында да, Маңғыстау қорымдарынан осы аталған ру-тайпалардың таңбалары көптеп кездеседі. Оғыздардың қалғандары Хисар, Балхан, Дурун, бір бөлігі Ирак пен Фарс жаққа көшті де, Санжар (Синджар) сұлтанның әкесі Мәлік шахтың қызметіне кірісті. Исфахан маңындағы салор елінің бір бөлігі кейін Маңғыстауға қайта көшіп келді.

Әл-Идриси Еділ қаласына да көңіл бөлген және оны хазарлардың қаласы деп атайды. Қала Еділ өзенінің екі бетінде бірдей орналасқан, ал Хазар

билеушісі өзеннің батыс бетіндегі қалада тұрады. «Көпестер, бұқара халық, барлық адамдар өзеннің шығыс бетінде орналасқан қалада тұрады», – дейді әл-Идриси. Еділ бойындағы екі қала да сыртынан мықты қорғанмен қоршалған, яғни бекініс жүйесі жақсы (Артамонов, 2001:519-549). Осы тұста әл-Идриси өте қызық дерек келтіреді. Оның жазуынша: «Қаладағы үйлердің көбісі – киіз лашықтар. Бұл – түркілердің тұратын киіз үйлері» (Қазақстанның ортағасырлық тарихына қатысты араб дереккөздері, 2016:93). Қала ішінде киіз үй тігіп отыру дәстүрі Түркістан–Ташкент өңіріндегі ортағасырлық қалалардың көбінде болған және XX ғасыр басына дейін сақталған. Бүгінгі күні қала ішінде киіз үй тігу дәстүрін Моңғолиядан кездестіруге болады.

Қала халқының көпшілігі балшықтан салынған үйлерде тұрады дейді әл-Идриси. Бұл жерде, шамасы, түркі халықтарының ішінде кең тараған

саман кірпіш туралы айтылып отыр. Билеушілерінің сарайы кірпіш тастан салынған. «Бұл жерде хазар билеушісінен жұрт қорыққандықтан, ешкім де кірпіш тастан үй салмайды», – деген ескертпе де қызық. Еділдің тұрғындары және қала агломерациясы егіншілікпен жаппай айналысқан сияқты. Автор: «Егін алқаптары өзеннің екі бетінде бірдей орналасқан. Егін оратын уақыт келсе, алыс-жақыннан жұрттың барлығы келіп, егінді жинайды. Жиналған егінді өзен жағасына алып барып, сол жерден қайыққа салып үйлеріне жеткізеді», – дейді.

Әл-Идрисидің Еділ тұрғындарының «астарының негізі күріш пен балық» деуіне қарағанда, егіншілікте күріш өсіру кең тараған болуы керек. Әл-Идриси Еділ қаласы тұрғындарының және көрші елдердің дәстүрлері, діндері, қарым-қатынасы туралы да мәлімет келтірген. Автор халықтың бір-бірінің діни сенімдеріне құрметпен қарайтынын



Сур. 2. Әл-Идрисидің «Сурат әл-Ард» картасының қазіргі 3D реконструкциясы (XII ғ.)

Fig. 2. Modern 3D reconstruction of al-Idrisi's «Surat al-Ard» map (XII century)

жазады: «Хазар халқы христиандар мен мұсылмандардан тұрады. Олардың арасында пұтқа табынатындар да бар. Олар бір-бірінің дініне тіл тигізбейді». Башқұрт (басжирт) жағымен өтетін Итил өзенінің шығыс арнасы печенектер мен бұлғарлар арасымен ағады. Бұл арна – печенектер мен бұлғарлар жерін бөліп тұрған шекара. Өзен арнасы батысқа ауады, бұлғар жерінің арғы аймағына жетеді, содан кейін өзен арнасы шығысқа қарай бұрылып, Рус, Бұлғар, Бұртас, Хазар жерлері арқылы өтіп, Хазар теңізіне құяды. Бұл өзеннің 70-тен астам сағасы бар, ал басты арнасы Хазар теңізіне құяды ағады деп айтылған.

Далалық оғыз қалалары

(Бесінші ықылымның сегізінші бөлігі)

Әл-Идриси осы тараушаның алдында: «Бесінші ықылымның сегізінші бөлігі оғыздардың Адармаһ, Нужа, Бадаға, Жажан, Марқашан, Дарқу, Даранда, Ғарбийан, Ғарғун қалалары мен жерлеріндегі өзендер мен тауларды қамтиды. Бұл жердің келбетін, жол бағыттарын, оған қатысты деректерді жоғарыда келтірілген климат бөліктерін баяндаған жүйеге сай тоқталамыз», – дейді (Қазақстанның ортағасырлық тарихына қатысты араб дереккөздері, 2016:95).

Дереккөздің «Тура жолға бастайтын бір тек Алла ғана» деген кіріспесімен біз де IX–XII ғасырлардағы оғыз жұрты туралы топонимиялық деректерді сәйкестендіріп көреміз. Біз осыған дейін де оғыз топонимиясына қатысты ізденістер жасадық (Артықбаев, Ильясова, 2016:295-303).

Әл-Идриси өз сипаттамасын Арал теңізінен бастайды: «Хорезм көлін айтар болсақ, бұл көл туралы дерек келтіргендер мен ол көлге сапар шеккен адамдардан естіп-білгенін

жеткізушілердің айтулары бойынша көлдің жалпы көлемі 300 миль. Суы тұзды. Көлге сырттан құятын жері бар» (Қазақстанның ортағасырлық тарихына қатысты араб дереккөздері, 2016:95). Ортағасырлық араб деректерінің көпшілігінде Аралды «Хорезм теңізі» деп атайды және бұған қатысты дау жоқ.

Енді келесі абзацта сұрақтар туындай бастайды: «Бұл көлге Жейхүн мен Шаш және Барақ, Руза, Марға және көптеген майда өзендер құяды. Су тұщы болмайды, су деңгейі не ұлғаймайды, не кемімейді. Шаш өзені мен көлдің арасы 10 миль. Жейхүн өзенінің аталмыш көлге жақын ағатын арнасы қыста қатып, үстінен сиыр, қой, адамдар өте береді». Жейхүн – түсінікті, бұл Әмудария, ал Шаш өзені – Сырдария (кейде Сейхун аталады). Бізге белгісізі – «Барақ» атауы. Оны әл-Идрисиді зерттеушілер Сырдарияға оң жағынан құятын Шыршық өзені деп біледі. Шын мәнінде, әл-Хаукал т.б. авторлар Шыршықты «Түрік дәриясы» деп атайды, сонда «Барақ» түріктің тотемдік аты болуы әбден мүмкін. Руза және Марға атты өзен атаулары қазіргі уақытта жоқ. Зерттеушілердің пікірі әртүрлі. С.Г. Агаджанов өз заманында Рузаны Шу, Марғаны Ырғыз өзендерімен сәйкестендірген (Агаджанов, 1969:54-65).

Марғаны әл-Идриси керемет суреттейді: «Өзеннен алтын шығады және түбінен лазурит (көк тас) алынады. Бұл тас Хорасан еліне көптен бері тасымалданады. Өзеннің тоғайлы жерлерінде құндыз деп аталатын аң бар... Бұл өзеннің тоғайларында алтын түстес түлкілер мекендейді...» т.б. Араб географы Марға өзені Мурғар тауынан бастау алады дейді. Осыған байланысты С.Г. Агаджанов та, Ә.Х. Марғұлан да бұл тауды Мұғалжар деп біледі (Марғұлан, 1978:7).

«Оғыздар елі – солтүстік пен шығыс жақта біріне-бірі тығыз орналасқан көп қалалы жер. Адам аспас таулары бар. Ол тауларда билеушілері бекінетін мықты бекіністері бар және онда азықтарын сақтайды. Бұл бекіністерде ол жерді қорғайтын түркілер тарапынан жасақталған жауынгерлер шоғырланған. Оғыздардың бір жерден басқа жерге жайылымды жерлер іздеп көшіп-қонулары берберлерге ұқсайды. Олардың мал жүнінен жасалған үйлері бар, олар сонда тұрады» (Қазақстанның ортағасырлық тарихына қатысты араб дереккөздері, 2016:96). «Мал жүнінен жасалған үйлер» деп әл-Идриси киіз үйді айтып отырғаны даусыз болса керек.

Қызықты деректер Хийам қаласына байланысты келтіріледі: «Бұл көлдің шығысында Хандаға жері орналасқан. Олар – оғыздардың бір руы. Көшпелі жұрт. Жерлері шұрайлы, жайылымдары мол. Ағын сулар бар. Ауасы өте суық. Хандағалар тұратын қала Хийам деп аталады. Ол қала – тау басында орналасқан, бекінісі мықты қамал. Ол тауға шығу өте қиын. Аталмыш қамалдың қорғанысы қуатты».

Зерттеушілер тарапынан Хийам қаласы Шу өзенінің аңғарында орналасқан Орду қаласы болуы мүмкін деген пікір айтылған (Агаджанов, 1969:67). Бұл пікір қисынды, себебі далалық оғыз кеңістігі Сыр бойындағы қалалардан бастап Ертіске дейінгі ұлан-байтақ алқапты қамтиды. Координаттық тұрғыдан Шу (Шүй) өзені осы кеңістікті екіге бөліп тұрған географиялық орталық. «Шүй» сөзінің көне түркілік мағынасы – шымалдық екенін ескерсек, бұл атау символикалық сипатқа да ие.

Шын мәнінде оғыз кеңістігі Х-ХІІ ғасырларда қыпшақ экспансиясы

себепті Ертістен оңтүстікке қарай, Сарыарқаның ұсақ шоқылы аймағынан басталады.

Екінші маңызды мәселе – әл-Идриси еңбегіндегі «Асқарун» атты тауға локализация жасау. Себебі осы таудың етегінен ағатын Руза өзені арқылы жолаушы қайықпен Хийам қаласына жетеді: «Бұл тау оғыздар жеріндегі Асқарун деп аталатын шығыс жақтағы таудан ағып келетін үлкен өзен жағасында орналасқан. Бұл өзен Руза деп аталады. Қайықпен жүзіп өтетін үлкен өзен. Ол өзен арқылы жолаушы көлден Хийам қаласына жетеді. Содан кейін Жажан қаласына жетеді. Хийам мен Жажан арасы – жеті күн. Хийам өзеннің солтүстігінде, Жажан оңтүстігінде орналасқан. Аталмыш екі қала кішкентай, бірақ бекінісі аса мықты, екеуі бір-біріне ұқсайды».

Үшінші маңызды мәселе – әл-Идриси жазған Марғар тауы. Географ бұл тауды «Екі елді бөліп тұрған аталмыш тау» деп сипаттайды: «Ол биік, үлкен тау. Басын қар басып, үнемі мұздақ болып тұратындықтан, шыңына ешкім шыға алмайды. Бұл таудан аққан өзен Марғар деп аталады. Бұл өзеннен алтын шығады және түбінен лазурит (көк тас) алынады. Бұл тас Хорасан еліне көптеп тасымалданады. Өзендегі тоғайлы жерлерінде құндыз (әл-барб) деп аталатын аң бар. Бұл қуатты аң. Терісі бағалы, көп ақша тұрады. Тағы да бұл жерден көптеген аңдар ауланып Рұм, Армения елдеріне тасымалданады. Бұл өзеннің тоғайларында алтын түстес сары түлкілер мекендейді. Олардың саны аз. Бұл жақтың билеушілері ол түлкінің терісінен киім тігеді».

Тағы бір маңызды жайт – Марғар таулары башжартия (башқұрт?) мен оғыз арасын бөліп тұрады.

Егер осы тұрғыдан жоғарыда

келтірілген әл-Идриси деректерін талдайтын болсақ, автордың Марғар дегені – Мұғалжардан бастап Шыңғыстауға дейінгі жерді алып жатқан Сарыарқаның ұсақ шоқылы өлкесі болып шығады. Далалық оғыз қоныстары мен қалаларын қазіргі қазақ жеріне байлау үшін оларды Сарыарқа арқылы есептеу аса маңызды. Біз Қытай қорғанынан басталып, Еуропаның батыс аймағына дейін созылып жатқан дала субконтинентін Еуразиялық құрлықтың өзегі деп санаймыз. Ал оның ортаңғы бөлігін алып жатқан Сарыарқаның ұсақ шоқылы, таулы алқабы – Орталық Азияның heartland, яғни жүрегі ретінде қарастырылады. Бұл мәселені тіпті қарапайым түрде Сарыарқадан оңтүстікке және солтүстікке ағатын өзен суларына қарап та анықтауға болады.

Олай болса, әл-Идриси жазған Руза өзенінің бойындағы Асғарун таулары бір жағынан Ортау, Қызылтау, Ақтау таулары болуы, ал Рузаның өзі Бетпақдаланы кесіп өтетін жалғыз өзен – Сарысу болуы әбден мүмкін. Бұл тұрғыдан біз Ж.Е. Смаилов жасаған локализация болжамымен келісеміз (Смаилов, 1997:11).

Сонымен, егер біз Марғар тауларын Сарыарқа шоқылары деп алатын болсақ, әл-Идриси сипаттайтын өндірісі дамыған, халқы тоқ, жан-жақтағы елдермен, әсіресе оңтүстік аймақтармен тығыз қарым-қатынас жасаған, толып жатқан қалалар Мұғалжардан бастап Шыңғыстауға дейінгі көлденең сілемдердің төменгі етегінде орналасқан деп есептейміз.

Бұл сипаттама «таудың үстінде бекініске ұқсас екі қала бар. Бірі Нұжа, екіншісі Бадаға деп аталады. Екеуінің арасы – бір күндік жол. Екі қаланың арасы арқылы батыс жаққа қарай үлкен өзен ағып жатыр» делінетін

жазбаларға да, сондай-ақ «Аталмыш тау етегінде екі қала орналасқан. Бірінің аты Дарандаһ, екіншісі Дарқу деп аталады» делінетін жолдарға да сәйкес келеді. Бұлар Ұлытау өңіріндегі, одан Қараөткел және батысқа қарайғы Атбасар маңы мен әрі Торғай–Ырғыз құярындағы шағын ортағасырлық қалашықтар болуы ықтимал. Олардың бірқатарының орны әлі де сақталған. Әл-Идриси сипаттамасы біздің тарихи-этнографиялық бақылауларымызды да қуаттайды: «Даранда Дарқудың батысында. Екеуінің арасы – үш күн. Екеуі кішкентай қала. Екі қалада да базар, қарқыны баяу сауда орындары, кәсіпорындар бар. Екеуінің бекінісі өте мықты, қуатты. Жерлерін үнемі қар басып жатады. Бұл қалалардың халқы егіндерін дымқыл күйінде орып, оны түгінмен және көлеңкелі жерлерде кептіреді. Себебі жерлерінде суық ересен қатты. Үнемі жаңбыр жауады. Ауа райының құрғақ кездері аз болады. Аталмыш тау мен су ағатын жерлерінде қызыл түсті асыл тас, көгілдір ақық тастары мен басқа да тастардың түрлері кездеседі» (Қазақстанның ортағасырлық тарихына қатысты араб дереккөздері, 2016:98-99).

Әл-Идрисидің «Нузхат әл-Муштак» кітабында оғыз елінің бірсыпыра қалаларының аты аталады. Осы тізімде Мурғар (Мұзғар) тауының етегіндегі Даранда мен Дарқу қалалары, Руза өзенінің жағасындағы Хиям мен Джаджан қалалары көрсетілген. Оғыздардың оңтүстік шекара алқабындағы бекінісі Дахланнан Бубкент қаласына дейін төрт күндік жол. Әл-Идриси Бубкентті Шаш (Ташкент) қарамағындағы қала деп жазады. Егер шамалап алсақ, Дахлан қаласы Сарысу бойындағы (Телікөлден төмен) Белең ана қалашығына сәйкес келетін сияқты.

Ал Дахланнан Хийамға дейін – он екі күндік жол, демек ол Сарыарқаның солтүстік алқабында орналасқан болуы керек.

Бұл қалалардың көпшілігі өндіріс маңында орналасқан. Негізгі байлық кен орындарын игеруден түседі: «Выгода от них высока, говорят, что всякая их земля на четверть неочищенного серебра. Из этих рудников добывают много. Шашские купцы отправляются к ним с товарами для обмена, покупают там у них много верблюдов с большим количеством товаров и вывозят его во все страны» (История Казахстана в арабских источниках, 2010:119). Бұл дерек көне заманнан бері кен өндірісі айрықша дамыған Сарыарқа өңірін суреттеп отыр деп жорамал жасауға болады.

Алынған нәтижелер

Зерттеу нәтижесінде XII ғасырда өмір сүрген әйгілі араб ғалымы Мұхаммед әл-Идрисидің «Нузхат әл-мұштак фи-ихтирақ әл-афақ» және оған негізделген «Сурат әл-Ард» картасындағы деректер кешенді түрде талданып, олардың қазіргі Қазақстан аумағымен байланысы анықталды. Әл-Идрисидің сипаттаған географиялық нысандары – Каспий (Хазар) теңізі, Ертіс, Сарыарқа, Марғар және Асғарун таулары, Руза мен Ғаған өзендері сияқты атаулар нақты тарихи және кеңістіктік контексте қарастырылды.

Зерттеу нәтижесінде ортағасырлық топонимдердің этимологиялық табиғаты мен локализациясы нақтыланды: Марғар атауы Мұғалжар-Сарыарқа жүйесіне, Асғарун – Ортау-Қызылтау жоталарына, Руза – қазіргі Сарысу өзеніне сәйкестендірілді. Бұл сәйкестендірулер С.Г. Агаджанов, Ә.Х. Марғұлан, В.В. Бартольд,

Ж.Е. Смаилов және

А. Артықбаев еңбектерінде ұсынылған бағыттарды дамыта түседі.

Сонымен қатар, Каспий теңізі мен Маңғыстау өңіріне қатысты Сияхкух, Ашур Ада сияқты көне атаулардың семантикалық мағынасы археолингвистикалық тұрғыда қайта түсіндірілді. Деректерді салыстырмалы-картографиялық талдау нәтижесінде Сарыарқа мен Каспий өңірінің IX–XII ғасырларда өндіріс пен сауда орталығы болғаны дәлелденді.

Жалпы алғанда, зерттеу әл-Идриси еңбектерінің қазақ топонимиясы мен тарихи географиясын қайта зерделеудің жаңа ғылыми бағытын айқындап, Еуразия кеңістігіндегі түркі өркениетінің тарихи картасын жаңаша реконструкциялауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Бір мақаланың көлемінде әл-Идриси жазбалары мен картасын толық талдау және тәпсірлеу мүмкін емес. «Нузхат әл-Муштак» кітабына және «Сурат әл-Ард» картасына Еуразияның араб саяхатшылары барған немесе әлдебір хабар алған аймақтары түгел кіргенге ұқсайды. Мысалы, қазақ жерінің оңтүстік, батыс және орталық бөліктерін сипаттап болған соң әл-Идриси «Бесінші ықылымның тоғызыншы бөлігі» деп солтүстік бағыттағы бірталай жерді сипаттайды. Оның ішінде «Азқиш (Азкеш) аталатын елдің мекені батысында оғыздар және солар сияқты басқа тайпалармен шектеседі де, шығысында Йажуж бен Мажуж елін қоршап жатқан тауға барып тіреледі» – дейді. Әл-Идриси бойынша: «Азкештер қоныс тепкен бұл елдің жері шұрайлы, табиғи байлығы мен мал басы көп. Айналасында іргелес, шалғай жатқан көршілерінде бұл елдегідей

май мен бал түрлері жоқ. Сиыр, қой малдарының көптігі себепті оларға мән де берілмейді, еттері бағаланбайды» (Қазақстанның ортағасырлық тарихына қатысты араб дереккөздері, 2016:101). Бұл тайпа туралы дәлелді пікір жоқ: бір зерттеушілер оны қарлұқ құрамында деп қарастырады, екіншілері оны көне қырғыздармен (азақ-ашкеш, т.б.) байланысты деп есептейді, ал үшіншілері батыс түркілері құрамындағы ас немесе осетин этносымен де байланыстырады.

Дерек көзі: «Бұл жердің оңтүстігінде Таһама деп аталатын көл бар. Көлемі 250 миль, суы жасыл, тұщы. Бұл көлде түрлі-түсті жалпақ балық бар. Түркілер ол балықты емдік қасиеті бар деп есептейді», – деп азкеш елінің табиғатын сипаттай келе, одан әрі Йажуж бен Мажуж елдеріне қарай үлкен шолу жасаған. «Йажуж бен Мажуж» тақырыбы Ескендір Зұлқарнайынға, одан ислами қиямет күні туралы болжам-хикаяларға барып ұштасатыны белгілі. Қалай болғанда да Орталық Азия тарихына сәуле түсіретін бұл ауыр жұмысты жас ғалымдар ғылыми монография форматында жалғастыра алады.

Біз әл-Идрисидің өзімізге белгілі аймақтарға жасаған географиялық шолуына тәпсір жасап көрдік. Ұлы географтың Түркістанға қатысты жасаған шолуы негізінен нақты деректерге сүйенеді және тәпсірлеу жеңіл. Дегенмен жазбадан Шаш аймағы және Қазығұртқа қатысты қосымша деректер алып шығуға болады деген пікірдеміз.

Екіншіден, зерттеу барысында «Нузхат әл-Муштак» кітабынан қарлұқ еліне қатысты деректерді жүйелеуге және сәйкестендіруге күш салдық. Өкінішке қарай, ортағасырлар тарихында шешуші еңбек атқарған қарлұқ қауымдары туралы деректер кітаптың әр тарауына шашыла орналасқан.

Үшіншіден, Ертіс бойында XI ғасыр ортасына қарай пайда болған Кемек (қимақ, кимек) мемлекеті ортағасыр тарихшылары үшін аса маңызды тақырып. «Нузхат әл-Муштак» кітабында кемектерге қатысты деректер көп, әсіресе кемек қалаларын автор жақсы сипаттаған. Біз өз тарапымыздан Ертіс бойындағы өз зерттеулерімізге сүйене отырып, оларды қазіргі жер-су атауларымен сәйкестендіруге тырыстық.

Төртіншіден, әл-Идрисидің Каспий (Хазар) теңізінің оңтүстік, батыс және солтүстік жағалауларына қатысты деректерін талдап, олардан тарихи реконструкцияларға қатысты мәліметтер алдық. Басты деректердің бірі – Маңғыстау өлкесінің орталық аймағында, батыстан шығысқа қарай жатқан Қаратауға қатысты мәліметтер. Белгілі дәрежеде Сийаһкух атауы ортағасырларда Маңғыстау/Маңқышлақ атауына альтернатива болған сияқты.

Бесіншіден, біз «Нузхат әл-Муштак» кітабына сүйене отырып, ондағы мәліметтерді IX–XII ғасырларда қазақ жерін мекендеген оғыз қауымдары мен басқа түркі тілдес елдер туралы маңызды дерек көзі деп есептейміз.

Әдебиет

1. Агаджанов С.Г., 1969. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX–XIII вв. Ашхабад. 256 с.
2. Артомонов М.И., 2001. История хазар. СПб. 688 с.
3. Артықбаев Ж., 2014. Қимақ мемлекеті: Орта Ертіс өңірі деректері бойынша // Мәдени мұра. №6 (57). 34-42 бб.
4. Артықбаев Ж.О., Ильясова З.С., 2016. Оғыз мәселесі және олардың ортағасырлық қалалық өркениеті(әл-Идриси деректері бойынша // Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. 3 (Т.112). 295-303 бб.
5. Артықбаев Ж.О., 2023. «Бап Тәңірі» Орталық Азия халықтарының руханият ескерткіші // «Edu.e-history.kz» [Электронды ресурс]. URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/339596> (қаралған күні 17.11.2023).
6. Артықбаев Ж.О., 2023. К истории и этимологии топонима Бараба/Бараб/Барап. Сибирский сборник: сборник научных статей. Вып. 8. Екатеринбург: УрО РАН. С. 170-182.
7. Древнетюркский словарь.1969. Ленинград. 676 с.
8. История Казахстана в арабских источниках. 2010. Арабские географы и путешественники IX-XII вв. Алматы. Дайк-Пресс. Т.2. 328 с.
9. Караев О., 1968. Арабские и персидские источники IX-XII вв. о киргизах и Киргизии. Фрунзе. Илим. 102 с.
10. Кононов А.Н., 1958. Родословная туркмен. Сочинение Абу-л-гази хана хивинского. Москва. 215 с.
11. Кумекоев Б.Е., 1972. Государство кимеков IX-XI вв по арабским источникам. Алма-Ата: Наука. 156 с.
12. Қазақстанның ортағасырлық тарихына қатысты араб дереккөздері. 2016. З. Ильясова, Е. Ораз (ред). Нұр-Мубарак университеті. Алматы. 248 б.
13. Маргулан А.Х., 1978. Остатки оседлых поселений в Центральном Казахстане// Археологические памятники Казахстана. Алма-Ата. С. 3-36.
14. Радлов В.В., 2007. К вопросу об уйгурах // Радлов В.В. Тюркские степные кочевники. Астана. «Алтын кітап». Т.3. С. 185-358.
15. Смаилов Ж.Е., 1997. Памятники археологии западной Сары-Арки (Средневековые городища и поселения). Балхаш. 142 с.
16. Сыздықов С., 2014. Қарлық-Қарахан мемлекеті: саяси тарихы және мәдени мұралары. Астана. «Фолиант». 320 б.

References

1. Agadzhanov, S.G., 1969. Ocherki istorii oguzov i turkmen Sredney Azii IX–XIII vv. [Essays on the history of the Oghuz and Turkmen of Central Asia in the 9th–13th centuries]. Ashkhabad. 256 p. [in Russian]
2. Artamonov, M.I., 2001. Istoriya khazar. [History of the Khazars]. St. Petersburg. 688 p. [in Russian]
3. Artykbayev, Zh., 2014. Qimaq memleketti: Orta Ertis oniri derekteri boiynsha. [The Kimak State: Based on the Middle Irtysh Region Sources]. // Madeni mura. No. 6 (57). pp. 34-42. [in Kazakh]
4. Artykbayev, Zh.O., Iyasova, Z. S., 2016. Oghyz maselesi zhane olardyn ortaghasyrlyq qalalyq orkenieti (al-Idrisi derekteri boiynsha). [The Oghuz question and their medieval urban civilization (according to al-Idrisi)]. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Series

of Humanities. 3 (Vol. 112), pp. 295-303. [in Kazakh]

5. Artykbayev, Zh.O., «Bap Taniri» Ortaliq Azia halyqtarynyn ruhaniyat eskertkishi. ["Bap Tengri" – a spiritual monument of the peoples of Central Asia]. "Edu.e-history.kz" [Electronic resource]. URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/339596> (Accessed 17.11.2023). [in Kazakh]

6. Artykbayev, Zh.O., 2023. K istorii i etimologii toponima Baraba/Barab/Barap. [On the history and etymology of the toponym Baraba/Barab/Barap]. // Sibirskiy sbornik: Sbornik nauchnykh statey, ed. Z. A. Tychinskikh. Vol. 8. Ekaterinburg: Ural Branch RAS. pp. 170-182. [in Russian]

7. Drevnetyurkskiy slovar, 1969. [Old Turkic Dictionary]. Leningrad. 676 p. [in Russian]

8. Istoriya Kazakhstana v arabskikh istochnikakh, 2010. Arabskie geografy i puteshestvenniki IX–XII vv. [History of Kazakhstan in Arabic Sources: Arab Geographers and Travelers of the 9th–12th centuries]. Almaty: Daik-Press. Vol. 2. 328 p. [in Russian]

9. Karaev, O., 1968. Arabskie i persidskie istochniki IX–XII vv. o kirgizakh i Kirgizii. [Arab and Persian sources of the 9th–12th centuries on the Kyrgyz and Kyrgyzstan]. Frunze: Ilim. 102 p. [in Russian]

10. Kononov, A.N., 1958. Rodoslovnaya turkmen. Sochinenie Abu-l-Gazi khana khivinskogo. [The Genealogy of the Turkmen. Work of Abu-l-Gazi Khan of Khiva]. Moscow–Leningrad. 215 p. [in Russian]

11. Kumekov, B. E., 1972. Gosudarstvo kimekov IX–XI vv. po arabskim istochnikam. [The Kimak State of the 9th–11th centuries according to Arabic sources]. Alma-Ata: Nauka. 156 p. [in Russian]

12. Qazaqstannyn ortaghasyrlyq tarikhyna qatysty arab derekkozderi, 2016. [Arabic Sources on the Medieval History of Kazakhstan]. Z. Ilyasova, Y. Oraz (red). Almaty: Qalamger Press, Nur-Mubarak University. 248 p. [in Kazakh]

13. Margulan, A.Kh., 1978. Ostatki osedlykh poseleniy v Tsentralnom Kazakhstane. [Remains of settled settlements in Central Kazakhstan]. // Arkheologicheskie pamyatniki Kazakhstana. Alma-Ata. pp. 3-36. [in Russian]

14. Radlov, V. V., 2007. K voprosu ob uygurakh. [On the Uighur question]. // Radlov V. V. Tyurkskie stepnye kochevniki. Astana: "Altyn kitap". Vol. 3. pp. 185-358. [in Russian]

15. Smailov, Zh.E., 1997. Pamyatniki arkheologii zapadnoy Sary-Arki (Srednevekovye gorodishcha i poseleniya). [Archaeological monuments of Western Saryarka (Medieval towns and settlements)]. Balkhash. 142 p. [in Russian]

16. Syzdykov, S., 2014. Qarlyq-Qarakhan memleketti: sayasi tarikhi zhane madeni muralary. [The Karluk-Karakhanid State: Political History and Cultural Heritage]. Astana: Foliant. 320 p. [in Kazakh]

Артыкбаев Ж.О.

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва

Астана, Казахстан

e-mail: socantropology@mail.ru

КАРТА АЛЬ-ИДРИСИ (XII В.) И ПРОБЛЕМА ЕЁ ИНТЕРПРЕТАЦИИ

Аннотация. В статье представлен всесторонний историко-географический и археолингвистический анализ трудов выдающегося арабского учёного, географа и картографа XII века Мухаммада аль-Идриси – «Нузхат аль-муштак фи ихтирак аль-афак» и «Сурат аль-Ард». Эти сочинения, описывающие евразийское пространство, являются

вершиной средневековой географической мысли и содержат ценные сведения, непосредственно относящиеся к территории современного Казахстана. Цель исследования – сопоставить данные аль-Идриси о регионах Туркестана, Исфиджаба, Тараза, Иртыша, Сарыарки и Каспийского побережья с современными географическими названиями и определить ареалы расселения огузов, карлуков, кимаков и тохуз-огузов. В ходе исследования применялся комплекс сравнительно-исторических, источниковедческих, картографических и археолингвистических методов. Уточнены этимология и пространственная локализация древних топонимов Астарун, Маргар, Руза, Гаган, что позволило предложить новые источниковедческие и методологические основы реконструкции средневековой исторической географии Казахстана. Анализируя карту и текстовые описания аль-Идриси, автор выявляет этнические границы и культурно-цивилизационные связи тюркских племён. В статье также рассматривается влияние арабской географической традиции и картографической школы Птолемея. Наследие аль-Идриси имеет особое научно-познавательное значение для изучения исторической ономастики, пространственной памяти и восстановления этнокультурного ландшафта средневекового Казахстана

Ключевые слова: аль-Идриси, историческая география, средневековая картография, топонимия, огузы, карлуки, кимеки, Сарыарка, Каспийское море.

Для цитирования: Артықбаев Ж.О. Карта аль-Идриси (XII в.) и проблема её интерпретации // Мадени мұра. 2025. №4 (111). С. 48-70 (каз.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2025.v24.i4.04>

Artykbayev Zh. O.

L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Astana, Kazakhstan

e-mail: socantropology@mail.ru

THE MAP OF AL-IDRISI (XII CENTURY) AND THE ISSUE OF ITS INTERPRETATION

Abstract. The article presents a comprehensive historical-geographical and archaeolinguistic analysis of the works of the prominent XII century Arab scholar, geographer, and cartographer Muhammad al-Idrisi – “Nuzhat al-Mushtaq fi-ikhtiraq al-afaq” and “Surat al-Ard”. These works, which describe the vast Eurasian space, represent the pinnacle of medieval geographical knowledge and contain valuable information directly related to the territory of modern Kazakhstan. The purpose of the study is to compare al-Idrisi’s descriptions of the regions of Turkistan, Isfidjab, Taraz, the Irtysh River, Saryarka, and the Caspian area with contemporary geographical names, thereby

identifying the settlement areas of the Oghuz, Karluk, Kimak, and Toquz-Oghuz tribes. A set of comparative-historical, source-critical, cartographic, and archaeolinguistic methods was applied. As a result, the etymology and spatial localization of ancient toponyms such as Asgarun, Marghar, Ruza, and Gagan were clarified, providing new source-based and methodological foundations for reconstructing Kazakhstan's medieval historical geography. By analyzing al-Idrisi's map and textual descriptions, the author identifies the ethnic boundaries and cultural-civilizational interrelations of the Turkic tribes. The article also examines the influence of the Arab geographical tradition and the Ptolemaic cartographic school, emphasizing al-Idrisi's work as a universal source that shaped the spatial model of his era. His heritage holds significant scholarly and cognitive value for studying Kazakhstan's historical onomastics, spatial memory, and the reconstruction of the medieval ethnic and cultural landscape.

Keywords: al-Idrisi, historical geography, medieval cartography, toponymy, Oghuz, Karluks, Kimaks, Saryarka, Caspian Sea.

For citation: Artykbayev Zh.O. The map of Al-Idrisi (XII century) and the issue of its interpretation // Madeni mura. 2025. №4 (111). pp. 48-70 (in Kaz.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2025.v24.i4.04>

Автор туралы мәлімет:

Артықбаев Жамбыл Омарұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

ORCID: 0000-0001-5020-9361

Scopus ID: 57192662156

Сведения об авторе:

Артықбаев Жамбыл Омарович, доктор исторических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

ORCID: 0000-0001-5020-9361

Scopus ID: 57192662156

Information about the author:

Artykbayev Zhambyl Omarovich, doctor of historical sciences, professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

ORCID: 0000-0001-5020-9361

Scopus ID: 57192662156